

«СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«№9 ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №9»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА САТПАЕВ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2021 № 123

Сәтбаев қаласы

город Сатпаев

Жалпы оқыту қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 жылғы №231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) және Қарағанды облысының білім басқармасының 2021 жылғы 31 тамыздағы №579 бұйрықтарына және Сәтбаев қаласы білім бөлімінің 2021 жылдың 31 тамыздағы №160 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Сәтбаев қаласының білім мекемелерінің басшыларына:

- 1) 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын;

- 2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін;
- 3) Білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар қолданылсын.
2. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мемлекеттік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік педагог М.К.Абдильдинаға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Р.Бапанова